



## Адам-Жұсіптің

**/Жалғасы. Басы өткен сандарда/**  
1868-1872 жылдар аралығында Мәшһүр-Жұсіп жағалбайлы Қамар-ад-дин хазіреттөн дәріс алғып, білімін шындағы түседі. Ұстазы Қамар-ад-дин хазіреттің жыр-дастандарын кітапқа түсіріп ел арасында тарататуғын ісінде елкітеп өзі де жастайынан ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастырып, қағазға түсіре бастайды. Қамар-ад-дин хазірет кіші жұз ішінде Бекейлік руынан. Жас күнінен Бұхарай-Шариптен оқып, дін ғылымын жетік мемгерген адам.

Білімдарлығымен аты шыққан тұста орта жұз ішінде Ақмола облысында Керей дуанбасы Тұрлыбектің /48/ (Тұрсынбектің /49/) қолында бірнеше жылдар тұрган. Оナン кейін Омбы облысында «Областной ахон» болып тұрады. Осы кезде Баянауылда Мұса Шорманұлы дуанбасы болып тағайындалады. Омбыға барып, губернатор, князьдарға жолығып, таныс болып жүріп, аузы жеткендіктен, Қамар-ад-дин хазіретті:

- «Біздің Баянаула халқында дін жолын, дін ғылымын үйрететүғын жаксығалым жоқ!»- деп, сурап алады. Осыдан бастап ол қалған өмірін Баянауылда өткізеді.

Сонымен Мәшһүр-Жұсіп 8 жасында Қамар-ад-дин хазіреттөн оки бастайды. Хазіреттің шығыс мәдениетін, казактың ауыз әдебиетін кен білуі жөн насиҳаттауы - бірі болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. «Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айттылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Қамар-ад-дин хазірет ала келген: «Қозы көрпеш Баян сулу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі» . т. б. жыларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы мен Мәшһүр Жұсіптің 8 жасынан бастап-ак ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халықта тарата бастағанын дәлелдейді» /50/- деп жазды Нартай Куандықұлы.

Мәшһүр-Жұсіп Қамар-ад-дин хазіреттің 8 жасынан оның ойын, забарын,

кірті Мәшһүр-Жұсіптің бір-біріне деген ыстық ықыласы талайды тан калдырады. Бұрын Мәшһүр-Жұсіпті көрмеген, білмеген адамдар: «Хазіреттің өз баласы екен!»- деп ойлайтын болған. Мәшһүр-Жұсіпті 8-ден 9-ға қараған жасында құллі Баян елінде өлеңші бала атанды. Ел арасында сөз жатқан ба... Мұнан кейін үлкен-кіші, ерек-әйел, жас-кәрі,- көрген жан бөрі тамашалап, сөз қылып, дулап-шулап: «Көпейдің бір баласы- сыйрап тұрган бір бұлбұл Сейілекен сөзі, айтқан өлеңі кісінін мейірін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрган бұлак, жаңып тұрган шырак!» /53/-деп, көрген, естіген жанның бөрі біреуден-біреу естіп, көрмеген адамдар қоруге құмар болады. Бала кезінен халықтың ыстық ілтипатына бөләнгөнін Мәшһүр-Жұсіп:

«Жазады үйрекенін Мәшһүр хатқа,  
Өлеңді жүре берді соғып жатқа.  
«Бір бала іштен қақсай туышты!»-деп,  
Ілінді жүрт аузына сол күнде атқа.

Ал, әнді ага бердік болып бұлак,  
Бермедік тыңдаушыға тыныс, конак.  
«Сарып, нақу»-деген оку бар екенін,  
Қазакта естімеген бұрын құлак» /54/-деп жазады. Бұл сөз Мұса Шорманұлына /55/ да жетеді. Сол уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянаула дуанына қараған халыққа аға сұлтан дуанбасы болып тұрган күн екен. Бір күндерде Баянаула қаласына келіп, бірнеше күн жатып, Қамар хазіреттің үйінә келіп, хазіретке сөлем беріп, амандастып, қонақ болады. Қасында бірнеше адамдары бар, әңгіме мәжіліс құрады. Сөзден сөз шығып, біреуден-біреу естіп, Мұса дуанбасының құлағына естіліп:

- «Осында Көпейдің бір кішкене баласы бар. Білмейтін сөзі, айтпайтын өлең, киссасы жок, сыйрап тұрган бір бұлбұл!»- деп тамсанып отырғанда, көшпіліктің бірі:

- «Ол баланы шақыртып алғызып, өзін көрейік, сөзін естик!»- деп орталарына шақыртады. Сол мәжілісте Мәшһүрдің әкесі Көпжасар сопы /56/ да отырған екен.

Мұса дуанбасы Көпжасарға:

- Сопы, сіздің бір балаңыз: «Әңгімелід, кисса-шыл, өлеңді, киссаны жақсы айтады!»- дейді. Сол баланызды алдырансыз кайтеді? Өзін керіп, әңгімесін тындаїық! - деген сон, Мәшһүрді шақыртып алғызады. Келген соң Мұса Мәшһүрге карап:

- Шырагым, бері кел, мына жерге отыр,- деп, өзінә жақын төр алдына отырғызып;

- Шырагым, Жұсіп бала, сені: «Жақсы өлең, кисса біледі!», - деген соң шақыртып алғыздым. Қеңе, қандай өлең, қандай киссалар білесін? Білгендерінді айтши! - дегенде.

«Иман-көй, ақыл койшы, нәпсі-бөрі,

Бөріге жегізбейді ердін ері.

Сол койшы як таякты үстеп түсса

Мәшһүр-Жұсіп Қамар-ад-дин хазіреттің Баянауылға келіп езінә сабак беруін бақыттың күндерінің бірі деп санап:

«Өлеңі «Төрт жігіттің» қосакталып, Казіреттің үйімен бірге келді» /51/-деп жазады. Енді бірде Мәшһүр-Жұсіп: «Тұрмай ма Баянтауда қазірет әнді, Мерген Жақып үйінә пәтерге әнді. Гей-гейді тауыстым гой деп түрганда, Өмірге таусылмайтын дей-дей келді.

Елудің тоғызына келген жасы, Он тоғызда, жалғыз үд, бар баласы. Бір қызы бар тоғыз жасар Бибісінен, Төрт-ак жан-бір үйдегі болған басы.

Қалаға, Баянаула, бүтін келді, Апарып ертеңінә мені берді. Менен басқа оқыған бір бала жок, Жарыдым мен әке мен шешеге әнді.

Биданнан бек біл деумен сабак берді, Мен екі айтқызбаймын бір сөзді әнді.» /52/-деп ерекше төберінеді. Қамар-ад-дин хазіреттің алдынан білім алған Мәшһүр-Жұсіп «Құранды» жатқа айтту дәрежесін жетеді. Ол «Құранның» да налығы мен адамгершілік мән-манызының бойына дарыта отырып, ынтызарлығының арқасында «аят» және «сүрелердің» тылсым күштерін ашуға тырысады. Мәшһүр-Жұсіп араб, парсы тілдерін ана тіліндегі еркін менгеріп, Шығыс халықтарының әдебиеттерінә көnlі ауа бастайды.

Ұстазы Қамар-ад-дин хазірет пен ша-

Беріге жегізбейді ердін ері.

Сол койшы ақ таяқты үстап тұрса, Алға алмас еш жерінән шайтан-пері» /57/-деп еләндете жөнеледі. «Мәшһүрде тоқтау, жалғызу, еріну, мұдіру, кіліру болмайды. Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аккан бұлактай қайнап, тасыған судай тегілдіріп, маржандай тізілдіріп, бұл-бұлдай сайрап, тындаушылардың көnlі әбден жайрап, танырқантып, тамсантып, мейірлерін қандырды.» /58/.

Мәшһүрді шын көnlімен, сын көзімен карап, сынап, унатып отырған Мұса мырза Мәшһүрдің әкесі Көпжасарға:

- Сопы, мына балаңа мұнан былай бас кнімінекі тақтырып қойыңыз. Кез-тілге шет болмасын! Бұл ез заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен!- деп лепес қылған екен.

Бұрынғы «Жұсіп»- деген атына «Мәшһүр»-деген аттың алғаш косылуы Мұсаның: «Мәшһүр» болады дегенінде соң-ак «Мәшһүр» аты қосактала бастайды. Мине, бұрынғы ата-бабаларымыздың: «Жақсы лепес-жарым ырыс!»-деп айттындығы осындан болса керек. Бұдан былай: «Мұса мырза Мәшһүр болады, Мәшһүр деп атап кетті!»-деп, көпшилік: «Мәшһүр бала»-деп атай бастаған. «Мәшһүр» деген арабтың «әйгілі» деген сезінен шыкса керек. Мәжілістен соң Мұса Көпжасарға:

- Мұнан былай балаңа үкі тақтырып!- деп тапсырады.

Сол уақытта хазіреттің бибісі Мария ез колымен жалғыз қызынын басындағы бөркінің кадаған үкісінен бір шоқ үкі алып:

- Қарағыма ырымды, құтты болсын!- деп,- Мырзаның лепесі, көнтің батасы қабыл болсын!- деп, такқан екен /59/.

Мәшһүр-Жүсіп осы жағдайларын елеңмен  
былай деп сипаттап жазады:

Күні еді аға сұltан сол күнде өзді,  
Баянтау қаласына Мұса келді.  
Алдына көрмін деп алдырганда,  
Тыibaстан жазған Мәшһүр қақсай берді.

Парасат нұрыменән әбден білді:  
-Қаккай,-деп, -Құдай мұнан көз бөз тілді!  
-Мынау Мәшһүр болатын бала сөн!-деп  
Ер назары тиомен әнефіс қылды.

-Ей, сопы, бұл баланды жақсы бак!-деп,  
-Не болсын мұнан артық тіл мен жақ?!-деп.  
Аяумен мейірі түсіп, бұлайша айтты:  
-Балана мұнан былай үкі так!-деп.

-Жалғанда аз күн тірі тұрсын!-дейді,  
-Қандырар талай күлак құрышын!-дейді.  
-Мынау же ғып түр деп сілтемеді,  
Бакыр-ай, көп жасағыр, болсын!-дейді.

Сол күнде айткан сезім жүртқа жақты,  
Ерлер, назар қылған соң сондай бақты.  
Қызының басындағы бір тал шоғын,  
Қолымен Бибі Мәриям езі такты/60/.

Пайдаланған адебиеттер:

48. «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 8-томында «Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны» тақырыбында толық көлемінде жарық көрді. // 307-бет.  
Павлодар: «ЭКО» ФӘФ, -2006-жыл.

49. «Мәшһүрттану» ПТО /ғылыми практикалық орталығы/ мұрағатынан.

50. Жүсіпов, Н.К. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. Павлодар-1999 жыл, 14-бет.

51. Мәшһүр Жүсіп Көпбек. Тандамалы. Алматы-1990 жыл, 119-бет.

52. Бұл да сонда 117-118 беттер.

53. ОҒҚҚ №1173 папка, 17 белім. «Жолмурат Жүсіпулы жазбасы» (1-122 бет).

Атальмыш дерек «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 8-томында «Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны» тақырыбында толық көлемінде жарық көрді. // 308-бет. Павлодар: «ЭКО» ФӘФ, -2006-жыл

54. «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 4-томында «Мәшһүр атты қалай алғандығы тұра-

лы» // 308-бет. Павлодар: «ЭКО» ФӘФ, -2004-жыл

55. Мұса Шорманұлы үш жүрттың тіллін білгендеген /казак, орыс, француз/ тілдерін.

Шорман би елгендеге Мұса үзақ жоктау шығарылды. «Оның «Қисса Мұса мырза» атты 38 беттік жоктауы Қазан университетінің Н.И. Лобочевский атындағы ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар беліміндеге сақталған» («Қазақ әдебиеті» газеті, желтоқсанының 28-і, №3/44/. 1990 жыл//З. Акышевтің «Мұса Шорман» деген макаласы.). Мұса Шорманұлы 16 жасынан Ақкелін болысның старшыны болып 18 жыл 1853 жылға дейін атқарған.

1853 жылдан 1868 жылға дейін 15 жыл Баянауы дуанын аға сұltаны болған.

Мұсаның тұнғыш ұлы Садуқас Шорманов. Мұса Шормановтың тұған жының Шокан Уалиханов, Шорманың қызы Зейкеп Шоканың анасы Шынғыс тере Уалихановтың займыбы, Мұсаның тұған жездесі. Шоканың окуяна көп жағдай жасаған. Мұса Шорман полковник аттының 1885 жылы дүниеден озда.

56. Көпжасар жылы жүзді, жұмсақ сөзді, таза құлықты болғандықтан, үзенгілес қариялар ол кісіні: «сопы»- деп айтысады есенді.

57. Артықбаев Ж.О. «Историческое наследие Машхур Жусуп Копеев» (Учебное пособие) // Стр-8, Павлодар 2004 г.

58. ОҒҚҚ №1173 папка, 17 белім. «Жолмурат Жүсіпулы жазбасы» (1-122 бет).

Атальмыш дерек «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 8-томында «Мәшһүр-Жүсіп өмірбаяны» тақырыбында толық көлемінде жарық көрді. // 308-309-бет. Павлодар: «ЭКО» ФӘФ, -2006-жыл.

59. Бұл да сонда.

60. «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 4-томында «Мәшһүр атты қалай алғандығы тұра-